

«8D02303 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Талғатқызы Гулнараның «Тіркесімділік категориясының семантикалық жүйесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

жазбаша пікірі

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) даму ғылымының даму бағыттарына жәнe/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына жәнe/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«8D02303 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Талғатқызы Гулнараның «Тіркесімділік категориясының семантикалық жүйесі» тақырыбындағы диссертациясы ғылымның жаңа даму бағыттарына сәйкес келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	Диссертация BR24993133 «Қазақ тілін ұлттық және мемлекеттік тіл ретінде лингвосинергетикалық, лингвоэкологиялық және лингводидактикалық аспектілерде зерттеу және оқу мәтінінің тиімді лингвистикалық негіздерін әзірлеу» (2024-2026 жж.) бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру жобасының аясында орындалған.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	Зерттеу жұмысы төмендегідей мемлекеттік бағдарламалар мен стратегия талаптарына сәйкес келеді:
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жыл 27 желтоқсандағы №988 қаулысы). 2. Қазақстанда ғылымды дамытудың 2024-2026

			жылдарға арналған басым бағыттары, оның ішінде “Елдің зияткерлік әлеуеті» бағыты және ҚР ҒЖБМ Тіл саясаты комитетінің «Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» (12.06.2023ж.).
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертация ғылымға елеулі үлес қосады және маңыздылығы ашылған. Зерттеу барысында қазақ тіліндегі тіркесімділіктің өзіндік өлшемшарттары мен заңдылықтары бар дербес тілдік категория ретінде негізделуі; тіркесімділіктің семантикалық мағынаны жүзеге асырушы негізгі тетік категория қызметінің дәйектелуі; сөздердің тіркесу жүйесінің көпдеңгейлі модель арқылы түзіліп, тіркесім модельдерінің ішкі ұйымдасу деңгейі мен семантикалық белгілері негізінде жүйеленуі; тіркесімділік категориясының комбинаторлық өрісінің ішкі құрылымындағы жүйелі байланыстардың айқындалуы; валенттілік, комбинаторика, дистрибуция және когнитивтік семантика ұстанымдары негізінде қазақ тіліндегі тіркесімділік жүйесін талдауға арналған интегративтік моделінің ұсынылуы; тіркесімділік әлеуеті жоғары сөздердің комбинаторлық өрісі мен тіркес тізбегінің аннотациялық модель түрінде берілуі қазақ тіл білімінің лексикография, семантика, синтаксис салаларының әрі қарай дамуына, сонымен қатар Қазақ тілінің ұлттық корпусы, аударма жұмыстарына үлесін қоса алады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Өзі жазу деңгейі жоғары. Зерттеу жұмысында

		1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	академиялық жазу қағидалары, стильдік ерекшеліктер мен талаптар қатаң сақталған. Сыни талдау бар, ғылыми тілі жатық. Зерттелуі тиіс маңызды мәселелер дұрыс шешімін тапқан. Ізденушінің ойы жинақы, ғылыми тұжырымдарын жүйелі баяндаған, ғылыми стильді жетік меңгерген.
4.	Ішкі принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияда ішкі бірлік қағидағы сақталған. Тақырыптың өзектілігі негізделген. Соның нәтижесінде диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығына қол жеткізген. Тіркесімділікті құрылымдық тілдік жүйенің барлық деңгейінде, атап айтқанда, грамматикамен қатар, фонетика, лексикология, семасиология, ономазиология салаларында жүзеге асатын күрделі тілдік категория ретінде кешенді қарастыру, сөз тіркесімдері құрамындағы белгілі бір құрылымдық-семантикалық модельдерді анықтау, тіркесімділік категориясының семантикалық жүйесін зерттеудің лексикографиялық жұмысты жетілдіру мүмкіндіктерін саралау барысында қол жеткізген нәтижелер жұмыстың өзектілігіне негіздеме бола алады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды және қорғауға ұсынылған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған. Зерттеу жұмысының бірінші тарауында тіркесімділіктің теориялық негіздері, өлшемшарттары, валенттілік пен тіркесімділік ұғымдарының арақатынасы, ерекшеліктері мен

		ұқсастықтары ғылыми пікірлер негізінде сараланған. Екінші тарауда тіркесімділіктің семантикалық құрылымы, сөзжасам, тіркесжасам мәселелері, қазақ тіліндегі тіркесімділік модельдері мен түрлері қарастырылған. Үшінші тарауда тіркесімділік категориясының комбинаторлық жүйесі, стилистикалық және когнитивтік-ассоциативті өрістерінің құрылымы талданып, статикалық және динамикалық модельдері айқындалған. Зерттеу жұмысының үш тарауы да диссертация мазмұнына сай құрылған және тақырыбын айқындайды.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертант зерттеу барысында қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген. Зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес қойған міндеттер жұмыстың өн бойында көрініс тауып, ғылыми тұжырымдары мен жаңалығынан, әрбір тараушаның соңында жасаған ой түйінінен, тілдік талдауларынан айқын көрінеді. Ізденушінің алға қойған мақсат-міндеттері диссертацияда толық шешімін тапқан.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімі мен құрылымы логикалық тұрғыдан өзара толық байланысқан. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Зерттеу жұмысының мазмұнынан хабар беретін анықтама, тұжырымды дәлелдеу мақсатында сызба, кестелер ұсынылған. Диссертант аталған бөлімдердің мазмұнын

		логикалық жағынан байланыстырған және жүйелі түрде берген. Диссертацияның құрылымдық сипаты мен әр тараудың соңынан берген қорытындылары алынған нәтижелердің ішкі бірлігін нақтылай алады. Барлық бөлім арасында логикалық байланыс толығымен сақталған.	
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденген және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырыла талданған. Тіркесімділіктің тілдік сипатына қатысты осыған дейін мамандар тарапынан айтылған пікірлер мен тұжырымдар зерттеушінің сын тезінен өтіп отырады. Ізденушінің «Дегенмен қазақ тіл білімінде сөз тіркесі грамматика аясында зерттелуімен шектеледі» (21-б.); «В.В. Морковкин синтаксистік және лексикалық тіркесімділік деп екіге бөледі, бірақ оның теориясы біз жоғарыда қарастырған теориядан біраз ерекшеленеді» (23-б.); «Осы орайда ғалым Н. Құрманованың тіркесімділік ұғымының оған ұқсас валенттілік, конфигурация, интеграция сынды түсініктерден айырып тану керек деген ұсынысын дұрыс деп бағалаймыз» (38-б.) тәрізді тұжырымдауларынан сыни көзқарасы анық байқалады. Диссертацияда ұсынылған жаңа әдістемелік шешімдер, қағидаттар нақты мысалдармен дәлелденіп, сыни тұрғыдан салыстырыла талданған.	логикалық жағынан байланыстырған және жүйелі түрде берген. Диссертацияның құрылымдық сипаты мен әр тараудың соңынан берген қорытындылары алынған нәтижелердің ішкі бірлігін нақтылай алады. Барлық бөлім арасында логикалық байланыс толығымен сақталған.
5. Ғылыми жанашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Зерттеу жұмысында алынған ғылыми нәтижелер мен ережелер толығымен жаңа.	
	1) толығымен жаңа;	Қазақ тілінде тіркесімділік категориясын	

	2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	семантикалық тұрғыда қарастыру тың бағыт. Сондықтан диссертант ұсынған ғылыми нәтижелер жаңа. Қазақ тілінде ішінара айтылып жүрген талғаулы тіркес, талғаусыз тіркес, коллигация, коллокация терминдеріне толық анықтама беріліп, комбинаторлық жүйе мен комбинаторлық өрістің күрделі тілдік табиғаты нақтыланған. Зерттеу нәтижесінде тіркесімнің грамматикалық, семантикалық, стилистикалық және лексикалық түрлері жүйеленіп, ерекшеліктері жаңаша тұғырда зерделенген. Зерттеу барысында алынған нәтижелер қазақ лингвистикасының жаңа бағытта дамуына серпін береді.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа және зерттеу барысында алынған нәтижелер мен нақты деректерге негізделген. Автор ұсынған қорытындылар тек тілдік талдауға ғана сүйенбейді, тіркесімділіктің сипатын, ерекшелігін, өлшемшарттары мен модельдерін кешенді түрде қарастыру арқылы қалыптасқан. Зерттеу нәтижелері тіркесімділік категориясын семантикалық жүйеде қарастырудың теориялық негіздерін нақтылап, мүмкіндіктерін айқындай түседі. Диссертацияның қорытындыларын жұмыстың нәтижесі ретінде жоғары бағалауға болады.

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыста қолданылған техникалық, технологиялық, басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Тіл ғылымында жасанды интеллект, LLM (үлкен тілдік модельдерді оқыту), чат GPT секілді ақылды базаны жасақтау үшін әрбір сөздің түрлі мағыналық түрленімі мен реңкін анықтау – қазіргі қоғамның, ғылымның басты сұранысы. Осы орайда ұсынылып отырған зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен талдаулары цифрлық коммуникацияны қазақша басқару тетіктерін әзірлеуге негізделген. Тіркестерді жүйелі зерттеу тілдегі омонимия құбылысын формальді тұрғыдан автоматты тану мүмкіндігіне септігін тигізеді. Дыбысталуы, жазылуы бірдей, мағыналары басқа сөздердің мағынасы контекст арқылы анықталатыны белгілі. Алайда қазіргі цифрлық кеңістікте мәтінді автоматты тану ісінде омонимдерді машинаға таныту, яғни мәтіндегі мағынасын анықтау ол сөздердің контексте тіркескен сөзімен тікелей байланысты, автоматты талдау тіліміздегі тіркесімділік заңдылығына сүйенеді. Осы тұрғыдан алғанда тіркесімділік заңдылықтарын анықтау тілдегі омонимдерді автоматты түрде ажыратудың негізі болып табылады. Бұл ізденуші тарапынан ұсынылған зерттеу нысанына қатысты басқару шешімдерінің шынайылығын дәйектейді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда дәлелдемелерде ауқымды	Диссертацияда барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерде негізделген . Ғылыми жұмыстағы келесі

	негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолигатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	қорытындыларды атап өту маңызды: - Тіркесімділіктің өлшемшарттары тіл бірліктерінің бейберекет емес, белгілі бір тәртіп бойынша мағыналық үйлесіммен, грамматикалық нормамен тіркесу параметрлерінің жиынтығы ретінде дәлелденген. - Қазақ тілінде сөздердің тіркесу жүйесі көпдеңгейлі модель арқылы сипатталып, тіркесу үдерісіндегі модельдер ішкі ұйымдасу деңгейі (парадигмалық, синтагмалық) және семантикалық белгілер арқылы (денотаттық, коннотаттық, сигнификаттық, гипогиперонимдік, лексика-семантикалық өрістік) жүйеленген, тіркесімнің типтік үлгілері (окказионалдық, стилистикалық, когнитивтік) жіктелген. - Тіркесжасам модельдерінің лексикалық, семантикалық, грамматикалық, стилистикалық комбинаторика құрай алатыны дәлелденген. - Қазақ тіліндегі тіркесімдердің семантикалық, стилистикалық және ассоциативтік өрістері анықталған. - Тіркесжасамның қажеттілігі сөздік қорды байытатын, терминжасам мен сөзжасамның өнімді, белсенді тетігі болған тіркестердің көбеюі тілдегі ұғымның кеңеюіне, сөздік құрамның молаюына ықпал ететінімен дәйектелген. Зерттеу жұмысындағы барлық түйінді қорытындылар мен тұжырымдар нақты деректерді талдау, тіл білімі ғылымында орныққан теорияларға сүйену, зерттеу
--	--	--

			тақырыбына қатысты ғалымдар тарапынан бұрын-соңды айтылған пікірлерді сараптау арқылы негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	7.1 Диссертацияда ұсынылған әрбір қағидат жеткілікті ғылыми дәйектермен дәлелденген.
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	7.2 Ғылыми жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес.
		1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.3 Зерттеу жұмысында келтірілген қағидаттар жаңа. 7.4 Диссертацияның негізгі қағидаттарының қолданылу ауқымы кең.
		7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	7.5 Мақалаларда дәлелденген. Зерттеу жұмысы бойынша Scopus халықаралық деректер қорындағы басылымдарда 4 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда 5 мақала жарияланған. Барлық мақала диссертация тақырыбына сәйкес және жүргізілген зерттеу барысында дайындалған, қорғауға ұсынылған қағидаттар толық дәлелденген.
		7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жанашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану	

	деңгейін тексеру мүмкін емес.	
	7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ. 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып
		Диссертация дәйектілік қағидатына сәйкес келеді Зерттеудің ғылыми-әдіснамалық негізіне отандық, шетелдік ғалымдардың теориялық тұжырымдары мен ғылыми ізденістері алынған. Зерттеу жұмысының әдіснамасы негізделген. Зерттеу барысында эмпирикалық, семантикалық, категориялау, мәнмәтіндік, статистикалық, корпустық, өрістік, семантикалық модельдеу, парадигмалық және синтагмалық талдау әдістері жұмыстың мақсат-міндеттеріне сай тиімді пайдаланылған. Қолданылған зерттеу әдістері диссертацияның сәйкес тарауларында нақты сипатталған. Иә. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Зерттеу жұмысында компьютерлік технологиялардың тиісті мүмкіндіктері толық пайдаланылған.

	алынған: 1) ия; 2) жоқ.	
8.3	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Иә. Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар нақты материалдарға, ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып дәлелденген және расталған. Зерттеу материалы ретінде 5000-нан астам тіркес үлгілері талданған. Диссертанттың зерттеу барысында жасаған тұжырымдары қазақ тіл біліміндегі тіркесімділіктің категориялық сипатын нақтылауға негізделген.
8.4	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациядағы маңызды тұжырымдар нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Зерттеу мазмұнында кездесетін сілтемелер бойынша дереккөздер еш күмән тудырмайды. Зерттеу жұмысында отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге шолу жасалып, ғылыми мәліметтер теориялық тұрғыдан сараланған. Алынған мәліметтердің сенімділігі дереккөздерге сілтемелермен расталған.
8.5	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз.	Зерттеуде пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті және зерттеу тақырыбының теориялық-әдістемелік негізін терең ашуға мүмкіндік

9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның маңызы: теориялық 1) бар; 2) жоқ. 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ. 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	береді. Диссертацияда зерттеу тақырыбы бойынша 122 әдебиет көрсетілген және ұсынған сілтемелері талапқа сай рәсімделген. Диссертацияның теориялық маңызы бар. Сөздердің тіркесімділік қасиеттерін анықтау мен жүйелеу сөздіктер мен басқа да тілдік ресурстар жасау үшін маңызды теориялық негіз болады. Бұл лексикографиялық жұмыстарда сөздер мен тіркестердің мағыналық құрылымын нақты анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, жұмыс теориялық тұрғыдан мазмұнды, тіл білімінің даму үрдісіне сәйкес және ғылыми ізденістерге нақты үлес қоса алатын зерттеу болып табылады. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелерін ЖОО-да тілдік пәндер бойынша оқу бағдарламаларын жаңғыртуда, жаңа курстар мен элективті пәндер әзірлеуде, түрлі сөздіктер құрастыруда, тіл үйрету, аударма жұмыстарында қолдануға болады. Практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен ғылыми тұжырымдары тіркесімділік заңдылықтарын анықтау, қолданбалы лингвистикадағы мәтінді автоматты тануда омонимдерді ажырату, сөйтіп, жиілік сөздіктер құрастыруда, Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы мәтіндерге морфологиялық белгіленім қоюда сөз мағыналарын танып, омоним сөздердің қай сөз табына жататынын дұрыс анықтауға мүмкіндік
---	-------------------------------	--	--

			береді. Мамандық бойынша оқылатын пәндердің теориялық және практикалық базасын нығайтады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Жұмыстың тілі, стилі академиялық жазу талаптарын қанағаттандырады. Ғылыми стильде жазылған. Анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертация мазмұны бойынша ескертулер: 1) <i>Шешілмеген мәселе</i> тіркесіндегі <i>шешілмеген</i> етістігін қатыстық сын есімдер қатарында берген (27-б.). Көптік жалғауы арқылы тіркесуге келтірген мысалдары (<i>Балалар ойнап жүр. Қонақтар келді</i>) нақтылауды қажет етеді (100-б.). 2) <i>Қылқалам</i> (27-б.), <i>қара сүлік</i> (32-б.) сөздерінің орыс тіліндегі нұсқасын (кисточка, «черный металл») жақша ішіне беруі түсініксіз. 3) Қазақ тілінде аудармасы қалыптасқан объект (20-б., 24-б.), аспект (32-б.), доминанта (34-б.), анализ (39-б.), принцип (40-б.) сөздері орыс тілінде қолданылған, аталған терминдердің қазақша қолданыстары тұрақтанған. 4) Кейбір кестелерді сипаттау (59-б., 71-б.) мен нөмірлеуде бірізділік сақталмаған (74, 78, 85, 87, 91, 94, 95 бб.). 5) Қазақ тіліндегі тіркесімділік әлеуеті жоғары сөздердің коллокациясын анықтаудың автоматтандырылған бағдарламалық құралын әзірлеу зерттеу барысында жинақталған тілдік деректерді тәжірибеде қолданудың тиімділігін арттырар еді.

			Айтылған ескертулер құндылығы мен төмендетпейді, керісінше, оны техникалық тұрғыдан одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі жоғары және «Дәрежелер беру ережелері» талаптарына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы бойынша Scopus халықаралық деректер қорындағы басылымдарда 4 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда 5 мақала жарияланған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Талғатқызы Гулнаның философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Тіркесімділік категориясының семантикалық жүйесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын аяқталған, «Дәрежелер беру қағидалары» талаптарына сәйкес орындалған жұмыс ретінде бағалап, ізденушіге «8D02303 – Лингвистика» білім

		беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп санаймын.
--	--	--

Ресми рецензент:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
Университеті Қазақ тіл білімі
кафедрасының профессоры м.а.,
филология ғылымдарының докторы

01.12.2025 ж.

СБ

(қолы)

Г.О. Сыздықова

